**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2026 жылғы 25 маусымдағы № 692 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 26 маусымда № 39125 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескетрпесі!

Осы бұйрық 12.07.2026 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмыстары департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларының орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

4. Осы бұйрық мүдделі лауазымды адамдарға және құрылымдық бөлімшелерге жеткізілсін.

5. Осы бұйрық 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрі* | *Д. Косанов* |

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Бас прокуратурасы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ғылым және жоғары білім министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Жасанды интеллект және
цифрлық даму министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік күзет қызметі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг агенттігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігі

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі
2026 жылғы 25 маусымдағы
№ 692 бұйрығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 24 қаңтардағы № 28 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14881 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабының 3-тармағына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қағидаларында:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Жергілікті әскери басқару органдары (бұдан әрі – ЖӘБО) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің цифрлық жүйесін (бұдан әрі – ҚР ҚМ ЦЖ) қолдана отырып, қызмет көрсетілетін әкімшілік аумақта тұратын әскерге шақыру жасына дейінгілерді дербес есепке алуды жүзеге асырады.";

8, 9, 10 және 10-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды олардың тұрғылықты жері бойынша ЖӘБО жүзеге асырады.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында ҚР ҚМ ЦЖ пайдалана отырып, қызмет көрсетілетін әкімшілік аумақта тұратын барлық әскери міндетті мен әскерге шақырылушыны дербес есепке алу жүргізіледі.

Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды ұйымдастыруды және қамтамасыз етуді жергілікті атқарушы органдар (астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың) жүзеге асырады.

Заңды тұлғалар оларда жұмыс істейтін (оқитын) әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылар бар болған кезде осы Қағидаларға сәйкес әскери есепке алуды жүргізеді. Заңды тұлғалардың әскери есепке алуды жүргізуіне жалпы басшылық жасауды астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың ЖӘБО-сы жүзеге асырады.

9. Жергілікті атқарушы органдар (астананың, облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың) әскери есепке алуды жүргізу үшін мынадай есеппен есепке алу жұмыскерлерін бөледі:

1) астананың (облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың) ЖӘБО-сына – 2500 әскери міндетті мен әскерге шақырылушыға бір есепке алу жұмыскері;

2) ЖӘБО жоқ елді мекендерде – 500 әскери міндетті мен әскерге шақырылушыға бір есепке алу жұмыскері.

10. Азаматтарды ЖӘБО-ға тіркеу – азаматтарды алғашқы әскери есепке қою үшін ЖӘБО жүргізетін әскери есепке алу іс-шаралары.

ЖӘБО-ға мынадай адамдар:

1) он жеті жасқа толған ер азаматтар;

2) бұрын әскери есепте тұрмаған ер азаматтар;

3) осы Қағидалардың 2-тармағында көрсетілген адамдарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған адамдар;

4) әскери-есептік мамандығы бар әйел жынысты азаматтар тіркелуге тиіс.

Азаматтарды алғашқы әскери есепке қою мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерінің өзара іс-қимылы арқылы жүзеге асырылады.

10-1. Он жеті жасқа толған ер азаматтарды тіркеу автоматты режимде жүргізіледі.

Он жеті жасқа толған күні ер азаматқа ҚР ҚМ ЦЖ автоматты режимде цифрлық есепке алу картасын қалыптастырады және мемлекеттік органдар цифрлық жүйелерінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету арқылы: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН ); тегі, аты және әкесінің аты (бар болса); туған күні, жері; жұмыс (оқу) орны); білімінің болуы туралы; отбасы құрамы туралы; жүргізуші куәлігінің болуы туралы; Қазақстан Республикасының аумағында болуы туралы; мүгедектігі бар адам деп тану туралы; стационарлық емделуде және динамикалық қадағалауда болуы туралы; тұрғылықты жері бойынша азаматтарды тіркеу және тіркеу есебінен шығару туралы; адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасауының болуы не болмауы туралы; оларға қатысты анықтау немесе алдын ала тергеу жүргізіліп жатқан; сот оларға қатысты қылмыстық істерді қарап жатқан, сондай-ақ оларға қатысты заңды күшіне енген үкім туралы мәліметтерді алады.

ҚР ҚМ ЦЖ мәліметтерді алғаннан кейін цифрлық есепке алу картасына азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы "әскерге шақыру жасына дейінгі" деген белгі қояды және тіркелген тұрақты тұрғылықты жерінің мекенжайы бойынша ЖӘБО-ны айқындайды.

ҚР ҚМ ЦЖ-да он жеті жастағы ер азаматты тіркеу туралы хабарламаны алған кезде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы есептік-әліпбилік кітапқа тиісті жазба жасайды.";

10-3 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10-3. Әскери-есептік мамандығы бар әйелдерді тіркеу автоматты режимде жүргізіледі.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары оқу орнын бітірген әйелдерге ҚР ҚМ ЦЖ автоматты режимде цифрлық есепке алу картасын жасайды және мемлекеттік органдардың цифрлық жүйесінің өзара іс-қимылын қамтамасыз ету арқылы: ЖСН; тегі, аты және әкесінің аты (болса); туған күні, жері; жұмыс (оқу) орны; білімі туралы; отбасының құрамы туралы; жүргізуші куәлігінің болуы туралы; Қазақстан Республикасының аумағында болуы туралы; мүгедектігі бар адам деп танылғаны туралы; стационарлық емделіп жатқаны және динамикалық бақылауда тұрғаны туралы; тұрғылықты жері бойынша азаматтарды тіркеу және тіркеуден шығару туралы; қылмыстық құқық бұзушылық жасауының болуы не болмауы туралы; оған қатысты анықтау немесе алдын ала тергеу жүргізіліп жатқаны; сот оған қатысты

қылмыстық істі қарап жатқаны, сондай-ақ оған қатысты заңды күшіне енген үкім туралы мәліметтерді алады.

ҚР ҚМ ЦЖ мәліметті алғаннан кейін цифрлық есепке алу картасына азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы "Әскери міндетті" деген белгі қояды және тұрақты тұрғылықты жерінің мекенжайы бойынша ЖӘБО-ны айқындайды.

11. Азаматтарды кейіннен әскери есепке қоюды:

1) ЖТ МДҚ-дағы жаңа тұрғылықты жерге тіркелуі бойынша мәліметті ҚР ҚМ ЦЖ-дан алған;

2) әскери қызметтен, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен запасқа немесе отставкаға шығарған, курсанттарды, тыңдаушыларды әскери, арнайы оқу орындарынан шығарған;

3) бұрын әскери есепте тұрған азаматтарды бас бостандығынан айыру орындарынан босатқан жағдайда ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы жүзеге асырады.

Осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген жағдайда азаматтарды әскери есепке қоюды ҚР ҚМ ЦЖ автоматты режимде жүзеге асырады.

Осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген жағдайда азаматтарды әскери есепке қою осы Қағидалардың 78-тармағына сәйкес жүргізіледі.

Тұрғылықты жері бойынша тұрақты тіркеуден шығарылған азаматтар соңғы тұрғылықты жері бойынша әскери есепте тұрады.";

13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы мынадай санаттағы азаматтарды әскери есептен шығарады:

1) запаста болудың шекті жасына жеткен;

2) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан;

3) денсаулық жағдайы бойынша "әскери есептен шығара отырып әскери қызметке жарамсыз" деп танылған;

4) "мерзімсіз" деп айқындалған, 1-топ мүгедектігі бар адам болып танылған;

5) қайтыс болған.

Осы тармақтың 2) – 5) тармақшаларында көзделген санаттар бойынша азаматтарды әскери есептен шығаруды ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерімен өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз ету арқылы алынатын мәліметтер негізінде жүргізеді.

ЖӘБО азаматтарды әскери есептен шығару туралы негізгі есепке алу құжаттарына тиісті өзгерістер енгізеді.

Әскери есептен шығарылған азаматтардың жеке істері архивке тапсырылады, онда олар 1 жыл сақталады және акт ресімдей отырып жойылады.

14. Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылар:

1) өзімен бірге жеке әскери есептік құжатын (бар болса), Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі мен жүргізуші куәлігін (бар болса) немесе цифрлық құжаттар сервисінен жеке куәлігі мен жүргізуші куәлігінің (бар болса) цифрлық құжатын алып, шақырту (шақырту қағазы) бойынша белгіленген уақытта және жерге ауданның ( облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына баруы;

2) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери билеті жоғалған (бүлінген) жағдайда телнұсқа алу үшін 7 жұмыс күні ішінде порталға жүгінуі қажет.";

18 және 19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Анықтамалық сипаттағы құжаттарға:

осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әліпбилік карточка (бұдан әрі – әліпбилік карточка);

цифрлық есепке алу картасы жатады.

19. Әскери есепке алу құжаттары азамат туралы мынадай мәліметтерден тұруға тиіс :

1) жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН);

2) тегі, аты және әкесінің аты (бар болса);

3) әскери атағы;

4) туған күні, айы, жылы;

5) ұлты (адамның тілегі бойынша көрсетіледі);

6) тұрғылықты жері немесе уақытша тұру орны;

7) отбасы жағдайы;

8) білімі;

9) жұмыс орны;

10) денсаулық жағдайы бойынша әскери қызметке жарамдылығы;

11) негізгі антрометрикалық деректері;

12) әскери қызмет өткеруі;

13) әскери жиындардан өтуі;

14) шетел тілін меңгеруі;

15) жүргізуші куәлігінің бар болуы;

16) әскери-есептік және азаматтық мамандықтардың бар болуы;

17) спорттық разрядтың немесе спорттық атақтың бар болуы.

Азаматтарға арналған 1) – 9) тармақшалар бойынша ЖӘБО мемлекеттік органдардың цифрлық жүйелерімен өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз ету арқылы алады.";

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында ҚР ҚМ ЦЖ-дағы цифрлық есепке алу карталары, жеке істер бойынша және осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептік-әліпбилік кітап бойынша (бұдан әрі – есептік-әліпбилік кітап) жүргізіледі.";

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47. Әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою ҚР ҚМ ЦЖ-да ЖТ МДҚ-дан жаңа тұрғылықты жерге тіркелу туралы хабарлама алған кезде мынадай іс-шараларды жүргізе отырып жүзеге асырылады:

1) есептік-әліпбилік кітапқа әскерге шақырылушы туралы деректер енгізіледі;

2) әліпбилік карточканың 2 данасы толтырылады, оның бір данасы әскерге шақырылушының жеке ісін алғанға дейін жеке папкада сақталады, ал екіншісі әскери есепке алынған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, оның жеке ісін жолдау туралы сұрау салып, әскерге шақырылушының бұрынғы әскери есепке алынған жері бойынша ЖӘБО бастығына жолданады. Сұрау салуда әскери есептен шығару себептері және жаңа тұрғылықты тұратын мекенжайы көрсетіледі;

3) әскерге шақырылушылардың жеке істерін алғанға дейін олар ауданның ( облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында сақталатын әліпбилік карточкалар бойынша есепке алынады және есеп беруді жасау кезінде бұл адамдар әскери есепте тұрған әскерге шақырылушылар қатарына қосылады;

4) әскерге шақырылушының жеке ісі келіп түскен кезде есептік-әліпбилік кітапқа және есепке алу картасына тиісті белгі қойылады.

Келіп түскен жеке іс тексерілгеннен кейін тиісті картотекаға орналастырылады. Әліпбилік карточка еркін түрде акт ресімдей отырып, жойылады.";

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"51. Мерзімді әскери қызметке жөнелтілген әскерге шақырылушыларды әскери есептен шығару ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында ауданның ( облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сынан астана (облыс және республикалық маңызы бар қала) ЖӘБО-сының облыстық жиын пунктіне (бұдан әрі – ОЖП) жіберілген мерзімді әскери қызметке шақырылған азаматтардың атаулы тізімінің ( бұдан әрі – атаулы тізім) екінші даналары негізінде жүргізіледі.

ОЖП-да толтырылатын атаулы тізімде әрбір әскерге шақырылушының тегінің тұсына команданың жөнелтілген күні мен нөмірі көрсетіледі. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына қайтарылған әскерге шақырылушыларға қайтару себебі көрсетіледі. Әскерге шақырылушыларды жөнелту және қайтару туралы белгіге ОЖП бастығы қол қояды және астана (облыс және республикалық маңызы бар қала) ЖӘБО-сының елтаңбалы мөрімен куәландырылады. Астананың (облыстың және республикалық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сынан алынған атаулы тізімнің екінші даналары ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында қызметтік құжаттарды есепке алу журналы бойынша есепке алынады.

Мерзімді әскери қызметке жөнелтілген әскерге шақырылушыларды әскери есептен шығару кезінде аудан (облыстық маңызы бар қала) ЖӘБО-сы жұмысының жүйелілігі:

1) астананың (облыстың және республикалық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сынан алынған атаулы тізім негізінде әскерлерге жөнелтілген әскерге шақырылушылардың жеке істері іріктеліп алынады;

2) әскерге шақырылушының есепке алу картасында команданың нөмірі мен әскерге шақырылушының әскери бөлімге жөнелтілген күні көрсетіледі (жазбаға аудан ( облыстық маңызы бар қала) ЖӘБО-сының лауазымды адамы қол қояды);

3) есептік-әліпбилік кітапта "Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға әскерге шақыру туралы белгі" деген бағанда команданың жөнелтілген күні мен нөмірі көрсетіледі;

4) әскерлерге жөнелтілген әскерге шақырылушылардың жеке істері әскерге шақыру аяқталғаннан кейін архивке беріледі, онда әскерге шақырылушының есепке алу карталарымен бірге сақталады;

5) есептік-әліпбилік кітапта жеке істі сақтау орны туралы белгі жасалады;

6) ҚР ҚМ ЦЖ-дағы цифрлық есепке алу картасында әскери есептен шығару және жеке істі сақтау орны туралы белгі жасалады.";

52-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) ҚР ҚМ ЦЖ-дағы цифрлық есепке алу картасында әскери есептен шығару және жеке істі сақтау орны туралы белгі жасалады.";

54, 55, 55-1 және 56-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"54. Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымы (бұдан әрі – мамандандырылған ұйым) оқыту аяқталғанға дейін екі күн бұрын әкімшілік-аумақтық бірлігінде мамандандырылған ұйым орналасқан ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтеулі негізде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлықтан өткен азаматтардың атаулы тізімін (бұдан әрі – атаулы тізім) жібереді.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы мамандандырылған ұйым басшысының азаматтардың әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша өтеулі негізде әскери оқытылған резервті даярлау бағдарламасы бойынша оқуды аяқтауы туралы бұйрығы негізінде:

әскерге шақырылушыларға қатысты:

оқыту бағдарламасына сәйкес әскери-есептік мамандықты айқындайды;

ҚР ҚМ ЦЖ-да бастықтың запасқа қою және әскери атақ беру туралы бұйрығын шығарады;

ҚР ҚМ ЦЖ цифрлық есепке алу карталарына әскери-есептік мамандықты, лауазым кодын, әскери атағын және оқу кезеңін айқындау туралы жазбалар енгізеді;

әскерге шақырылушылардың жеке істеріне (олар бар болса) және есептік-әліпбилік кітаптарға запасқа қойылғаны туралы жазбалар енгізеді;

қатардағы жауынгер және сержант құрамының әскери билетін жазып береді;

осы Қағидаларға 19-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазып берілген әскери билетті беру ведомосы бойынша береді;

әскери міндеттілерге қатысты:

оқыту бағдарламасына сәйкес әскери-есептік мамандықты айқындайды;

ҚР ҚМ ЦЖ цифрлық есепке алу карталарына әскери-есептік мамандықты, лауазым кодын, әскери атағын және оқу кезеңін айқындау туралы жазбалар енгізеді.

55. Әскери кафедра (әскери факультет) запастағы офицер бағдарламасы бойынша әскери даярлықтың толық курсын аяқтаған азаматтарға:

1) бітіру емтихандарын тапсырудан екі ай бұрын ҚР ҚМ ЦЖ-да әскери атақ беру туралы бұйрықтың жобасын әзірлеп, оған:

әскери кафедра (әскери факультет) бастығы бекіткен әскери даярлыққа тарту туралы бұйрықтан үзіндіні;

әскери кафедра (әскери факультет) бастығы бекіткен әскери кафедрада (әскери факультетте) емтихандарды тапсыру және оқу-жаттығу жиынынан өту туралы үзіндіні;

әскери-есептік мамандығы көрсетілген тізімді қоса береді;

2) бітіру емтихандарына дейін 10 күн бұрын ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына, оқу орны орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлікке осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атаулы тізімді және мынадай құжаттар: қызметтік карта, нөмір бойынша есепке алу карточкасы, жетон, аттестаттау парағы, әскери атақ беруге ұсыным, мінездеме бар жеке істі;

3) бітіру емтихандары аяқталғаннан кейін оқу орнының басшысы бекіткен және елтаңбалы мөрмен куәландырылған қорытынды аттестаттау шешімінің хаттамасынан үзіндіні Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар департаментіне және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына, оқу орны орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлікке жібереді.

Әскери кафедра (әскери факультет) запастағы сержант бағдарламасы бойынша әскери даярлықтың толық курсын аяқтаған азаматтарға қорытынды емтихандарды тапсырғаннан кейін 10 күн ішінде:

1) ҚР ҚМ ЦЖ-да әскери атақ беру туралы бұйрықтың жобасын әзірлеп, оған:

әскери кафедра (әскери факультет) бастығы бекіткен әскери даярлыққа тарату туралы бұйрықтан үзіндіні;

әскери кафедра (әскери факультет) бастығы бекіткен әскери кафедрада (әскери факультетте) қорытынды емтихандарды тапсыру және оқу-жаттығу жиынынан өту туралы үзіндіні;

әскери-есептік мамандығы көрсетілген тізімді қоса береді;

2) астананың (облыстың және республикалық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына, оқу орны орналасқан әкімшілік-аумақтық бірлікке осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атаулы тізім жібереді.

Запастағы офицер немесе запастағы сержант бағдарламасы бойынша даярлықтан өткенін растау үшін оқу орнының әскери кафедрасы (әскери факультеті) азаматтарға олардың өтініші бойынша осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама береді.

55-1. Запастағы офицер мен запастағы сержант бағдарламасы бойынша әскери даярлықтан өткен азаматтар тұрғылықты жері бойынша ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сына запастағы офицер мен запастағы сержанттың әскери есебіне беріледі.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы запастағы офицер бағдарламасы бойынша әскери даярлықтан өткен азаматтардың атаулы тізімі мен жеке істерін алғанда:

1) олардың бар-жоғын және дұрыс ресімделуін тексереді, дәлсіздік не қате анықталса, оларды толық пысықтауға қайтарады;

2) атаулы тізімде көрсетілген әскерге шақырылушыларға қатысты жоғары және ( немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының әскери кафедрасында ( әскери факультетінде) запастағы офицер бағдарламасы бойынша даярлықтан өткен азаматтарды запасқа қою туралы бастықтың бұйрығын шығарады;

3) атаулы тізімде көрсетілген азаматтарға запастағы офицер әскери билетін жазып береді;

4) жеке іске әскери кафедрадан (әскери факультеттен) алынған оқу орнының басшысы бекіткен және елтаңбалы мөрмен куәландырылған қорытынды аттестаттау шешімінің хаттамасынан үзіндіні салады;

5) ҚР ҚМ ЦЖ-сынан "Әскери кафедраны бітірушілерге әскери атақ беру туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің бұйрығынан үзіндіні шығарып алады.

Запастағы офицердің әскери билеті әскери билет беру ведомосы бойынша беріледі.

Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) ЖӘБО запастағы сержант бағдарламасы бойынша әскери даярлықтан өткен азаматтардың атаулы тізімін алғанда:

1) олардың бар-жоғын және дұрыс ресімделуін тексереді, дәлсіздік не қате анықталса, оларды толық пысықтауға қайтарады;

2) оқу орнының басшысы бекіткен және елтаңбалы мөрмен куәландырылған қорытынды аттестаттау шешімінің хаттамасынан үзінді алғаннан кейін атаулы тізімде көрсетілген әскерге шақырылушыларға қатысты жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының әскери кафедраларында (әскери факультеттерінде) запастағы сержант бағдарламасы бойынша даярлықтан өткен азаматтарды запасқа қою туралы бұйрықтар шығарады, ал әскери міндеттілерге қатысты әскери атақ беру туралы бұйрықтар шығарады;

3) ҚР ҚМ ЦЖ-да цифрлық есепке алу картасын толтырады, ал растау құжаттарын жеке іске тігеді;

4) ҚР ҚМ ЦЖ-да бұрын әскери билет беру туралы ақпараттың бар-жоғын тексеруді жүзеге асырады;

5) бұрын әскери билеттер берілген азаматтарды қоспағанда, атаулы тізімдерде көрсетілген азаматтарға сержант пен қатардағы жауынгер құрамының әскери билеттерін жазып береді. Сержант пен қатардағы жауынгер құрамының бұрын берілген әскери билеттерінде әскери атақ берілгені туралы жазба жасалады.

Қатардағы жауынгер мен сержант құрамының әскери билеті әскери билет беру ведомосы бойынша беріледі.

56. Бейбіт уақытта әскери қызметке жарамсыз, соғыс уақытында шектеулі жарамды деп танылған әскерге шақырылушылардың әскери есебінен әскери міндеттілердің есебіне беру облыстық әскерге шақыру комиссияларының шешімдерімен расталған аудандық (қалалық) әскерге шақыру комиссияларының шешімдері негізінде мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) ҚР ҚМ ЦЖ-да ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО бастығының запасқа қою және әскери атақ беру туралы бұйрығы шығарылады.

Бұйрыққа қол қойылғаннан кейін азаматтың әскери қызметке қатыстылығы туралы, жарамдылық дәрежесі туралы, әскери-есептік мамандықтың, лауазымның және әскери атағының кодтары туралы мәліметтер ҚР ҚМ ЦЖ цифрлық есепке алу карталарына автоматты түрде енгізіледі;

2) әскери міндеттілер есебіне алынған әскерге шақырылушылардың есепке алу карталары белгіленген тәртіппен архивке сақтауға тапсырылады;

3) есептік-әліпбилік кітаптың 8-бағанында запасқа қою және әскери атақ беру туралы бұйрықтың күні мен нөмірі көрсетіледі;

4) есептік-әліпбилік кітаптың 9-бағанында әскерге шақырылушының есепке алу картасын сақтау орны туралы жазба жасалады.

Әртүрлі себептер бойынша мерзімді әскери қызметке шақырылмаған әскерге шақырылушылар жиырма жеті жасқа толған күні әскери міндеттілердің есебіне мынадай тәртіппен беріледі:

1) ҚР ҚМ ЦЖ-да ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО бастығының запасқа қою және әскери атақ беру туралы бұйрығы шығарылады.

Бұйрықты қалыптастыру кезінде әскери-есептік мамандық пен лауазым кодтарын жұмыс орны бойынша білімі және (немесе) атқаратын лауазымы ескеріле отырып, ЖӘБО-ның лауазымды адамдары айқындайды.

Бұйрыққа қол қойылғаннан кейін азаматтың әскери қызметке қатыстылығы туралы, жарамдылық дәрежесі туралы, әскери-есептік мамандықтың, лауазымның және әскери атағының кодтары туралы мәліметтер ҚР ҚМ ЦЖ цифрлық есепке алу карталарына автоматты түрде енгізіледі;

2) әскери міндеттілердің есебіне алынған әскерге шақырылушылардың есепке алу карталары белгіленген тәртіппен мұрағатқа сақтауға беріледі;

3) есептік-әліпбилік кітаптың 8-бағанында запасқа қою және әскери атақ беру туралы бұйрықтың күні мен нөмірі көрсетіледі;

4) есептік-әліпбилік кітаптың 9-бағанында әскерге шақырылушының есепке алу картасын сақтау орны туралы жазба жасалады.";

60 және 61-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"60. Мемлекеттің жұмылдыру әзірлігін қамтамасыз ету мақсатында ЖӘБО цифрлық есепке алу карталарын басып шығарады және тиісті есепке алу картотекасына салып қояды.

61. Бейбіт уақытта әскери билет:

1) ЖӘБО-да Қарулы Күштерге, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарға әскери қызметке немесе әскери жиынға шақыру кезінде;

2) оларды қабылдаған кезде әскери, арнаулы оқу орындары;

3) әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша өтеулі негізде мамандандырылған ұйымында әскери оқытылған резервті даярлау бағдарламасы бойынша оқыған;

4) запастағы офицер мен запастағы сержант бағдарламасы бойынша әскери даярлықтың толық курсын аяқтаған;

5) осы Қағидалардың 77-тармағына сәйкес ауданның (облыстық маңызы қаланың) ЖӘБО-сы:

әскери қызметтен не құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдардағы, азаматтық қорғау органдарындағы қызметтен шығарылған және әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген;

бас бостандығынан айыру орнынан босатылған және құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарда, азаматтық қорғау органдарында әскери қызмет өткерген не қызмет еткен және әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген;

басқа мемлекеттен келген және Қазақстан Республикасының азаматтығын алған, бұрын әскери (балама) қызмет не құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарда, азаматтық қорғау органдарында қызмет өткергендер қатарынан;

әскери атағы қалпына келтірілген және құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарда, азаматтық қорғау органдарында әскери қызмет өткерген не қызмет еткен азаматтарға беріледі.

ЖӘБО олардың сұрау салуы бойынша оқуға түскен азаматтарды қамтамасыз ету үшін қажетті санда әскери, арнайы оқу орындарына қатардағы жауынгер мен сержант құрамының әскери билеті бланкілерін береді.

Әскери, арнайы оқу орындары қатардағы жауынгер мен сержант құрамының әскери билеті бланкілерін оқуға түскен азаматтарға осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес беру ведомосы бойынша береді.

Беру ведомосы 2 данада жасалады, оның екінші данасы қатардағы жауынгер мен сержант құрамының берілмеген (бүлінген) әскери билеті бланкілерімен бірге берілген сәттен бастап 10 жұмыс күнінен кешіктірілмей ЖӘБО-ға жіберіледі.

ҚР ҚМ ЦЖ-да цифрлық жүйенің өзара іс-қимылы арқылы азаматтардың тегін, атын , әкесінің атын, туған күнін немесе жерін өзгерту туралы мәліметтерді алған кезде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы ҚР ҚМ ЦЖ арқылы әскери билеті бар азаматтарға олардың ұялы байланыстың абоненттік нөміріне және (немесе) пайдаланушының кабинетіне "цифрлық үкіметтің" веб-порталында әскери билетке тиісті өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы хабарлама жіберуге бастама жасайды. Көрсетілген азаматтар өтініш жасаған кезде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы 1 сағат ішінде елтаңбалы мөрмен куәландырылған тиісті жазбалар енгізеді.

Әскери қызмет, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарда, азаматтық қорғау органдарында қызмет өткермеген, өтеулі негізде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлықтан және запастағы офицер мен запастағы сержант бағдарламалары бойынша әскери даярлықтан өтпеген азаматтарға мемлекеттің жұмылдыру әзірлігін қамтамасыз ету мақсатында жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында әскери билет беріледі.";

62-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"62. Азаматтың әскери қызметке қатынасы туралы, оның әскери есепте тұруы туралы, әскери қызметке жарамдылығы туралы және оны, оның ішінде жеңілдікті кезеңде өткеруін растау туралы мәліметтер "цифрлық үкімет порталында" азаматтың " жеке кабинетінде" көрсетіледі, сондай-ақ мемлекеттік органдардың цифрлық жүйесімен өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз ету арқылы басқа да мемлекеттік органдардың (сұрау салу бойынша) цифрлық жүйесіне беріледі.

"Жеке кабинетте" дұрыс көрсетілмеген мәлімет анықталғанда, не ол болмағанда азамат осы Қағидалардың 79-тармағына сәйкес "Әскери қызмет жөніндегі мәліметтерді өзектілендіру (түзету)" мемлекеттік көрсетілетін қызметін алуға жүгіне алады.";

67, 68 және 69-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"67. Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылардың жұмысқа қабылдануы ( одан шығарылуы) туралы мәліметті ЖӘБО көрсетілген бағыттар бойынша қызметті жүзеге асыратын уәкілетті органдардың цифрлық жүйесінен мемлекеттік органдардың цифрлық жүйесімен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету арқылы алады.

Цифрлық жүйелерде мәліметтер болмаған кезде азаматтардың тізімі ЖӘБО-ның сұрау салуы бойынша 3 жұмыс күні ішінде ұсынылады.

68. Құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін, сондай-ақ арнайы оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларын әскери есептен шығару ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сында осы Қағидаларға 26-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 2 данада құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардағы лауазымдарға қабылданған азаматтардың атаулы тізімін қоса беріп,

азаматтардың тұрғылықты жері бойынша органдар уәкілетті адамдарының қолдаухаты негізінде жүргізіледі. ЖӘБО-ға қолдаухаттарды жолдауды құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметке кіру туралы бұйрық шығарылған сәттен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар жүзеге асырады. Көрсетілген құжаттарды ҚР ҚМ ЦЖ-ға жіберуге жол беріледі.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО-сы цифрлық есепке алу карталарында және тиісті әскери есепке алу құжаттарында осы орган басшысы бұйрығының күні мен нөмірін көрсетіп, құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдарға қызметке кіруіне байланысты әскери есептен шығару туралы белгі жасайды .

Әскерге шақырылушының жеке ісі архивке беріледі және ол 27 жасқа толғанға дейін сақталады. Цифрлық есепке алу картасында және есептік-әліпбилік кітапта жеке істі сақтау орны туралы белгі жасалады.

Әскери міндеттілердің жеке істері олардың сұрау салуы бойынша құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдарға жолданады.

Атаулы тізімнің бір данасы, ал әскери міндеттілердің жеке істері мен қызметтік карталары сұрау салу келіп түскен сәттен бастап 10 күннен кешіктірілмей қолдаухат жолдаған органдарға жіберіледі.

69. Азаматтарды құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдардан және азаматтық қорғау органдарынан Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің запасына шығару кезінде кадр бөлімшелері оларға осы Қағидаларға 22-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша нұсқама береді.

Құқық қорғау органдары мен азаматтық қорғау органдарының кадр қызметтері оларды жұмыстан шығару туралы бұйрық шыққан сәттен бастап, ал арнаулы мемлекеттік органдар оларды жеке құрам тізімінен шығару туралы бұйрық шыққан сәттен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей осы Қағидаларға 28-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыстан босатылған (шығарылған) азаматқа (жеке құрам тізімінен) мәліметтерді жібереді.";

72-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"72. Министрлік ЖӘБО арқылы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) " Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жұмылдыру ресурсын автоматтандырылған есепке алу интеграциялық шлюзі" цифрлық жүйесін пайдалану арқылы мынадай мемлекеттік қызметтерді көрсетеді:

әскери міндеттілерге әскери билет немесе оның телнұсқасын беру;

әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою;

әскери қызмет туралы мәліметті өзектілендіру (түзету).";

74-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"74. Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, туу туралы, некеге тұру туралы, балаларының туу туралы, тұрғылықты жері немесе

уақытша болатын орны бойынша тіркелуі туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйеден алады.

Порталға өтініш жасаған кезде көрсетілетін қызметті беруші аталған құжаттардан басқа, графикалық файл түріндегі көлемі 30х40 миллиметр цифрлық фотосуретті алады .";

76-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"76. Көрсетілетін қызметті берушілер бір реттік пароль беру немесе "цифрлық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтінді хабарлама жолдау арқылы "цифрлық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланыс абоненттік нөмірі арқылы берілген құжат иесінің келісімі болған жағдайда іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжаттарды алады.";

79-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"79. "Әскери қызмет туралы мәліметтерді өзектілендіру (түзету)" мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін көрсетілетін қызметті алушылар осы Қағидаларға 34-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери қызмет туралы мәліметтерді өзектілендіруге (түзетуге) өтініш береді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын, көрсетілетін қызметті берушінің атауын, мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдерін, мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін, мемлекеттік қызмет көрсету нысанын, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайда оны алу тәсілдерін, көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесін, мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздерді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын талаптар, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар осы Қағидаларға 35-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі нысанында жазылған.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді және орындау үшін жауапты орындаушыға беруді жүзеге асырады.

Орындаушының құжаттар топтамасының осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келуін қарауы, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін басшыға қол қойғызуға дайындауы 1 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

ЖӘБО-да әскери қызмет, оның ішінде жеңілдікті кезеңде өткергені туралы мәлімет болмаған кезде сұрау салу тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға (архивке), ал қажет болған кезде басқа да мемлекеттерге жолданады.

Бұл ретте мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі кейіннен көрсетілетін қызметті алушыны осы Қағидаларға 36-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мерзімнің ұзартылғаны туралы хабардар етумен 90 (тоқсан) жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер болған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыны алдын ала шешім туралы, мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінде белгіленген мерзімдерде хабардар етеді.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі осы Қағидаларға 37-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында әскери қызмет туралы мәліметтерді өзектілендіру (түзету) туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап болып табылады.

Жолданған сұрау салу бойынша ақпаратты алғаннан кейін ЖӘБО көрсетілген мәліметті ҚР ҚМ ЦЖ-сына енгізеді, ал әлеуметтік қолдау алуға ниет білдіретін азаматтар үшін қосымша осы Қағидаларға 38-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анықтама жолданады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру портал арқылы жүзеге асырылады.";

82 және 82-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"82. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметті көрсетуді мониторингтеудің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы дерек енгізуді қамтамасыз етеді.

82-1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты мемлекеттік тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығына, " Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына, "цифрлық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторына және ЖӘБО-ға жібереді.";

4, 6 және 7-қосымшалар осы тізбеге 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

20-қосымша алып тасталсын;

22-1, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39 және 40-қосымшалар осы тізбеге 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15 және 16-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді жинау, оларды жіберу және өтеусіз және өтеулі негіздерде оқыту, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру қағидаларын, сондай-ақ оқу мерзімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017

жылғы 17 шілдедегі № 357 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15517 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 12-бабының 4-тармағына, және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымдарында әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша әскерге шақырылушыларды, әскери міндеттілерді жинау, оларды жіберу және өтеусіз және өтеулі негіздерде оқыту, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру қағидаларында, сондай-ақ оқу мерзімінде:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жұмылдыру ресурсы автоматтандырылған жүйесінің интеграциялық шлюзі" цифрлық жүйесі (бұдан әрі – ҚР ҚМ ЦЖ) – әскери есепке алуды автоматтандыруға және мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған цифрлық жүйе;";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша оқыту мамандандырылған ұйымдарда Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қажеттілігіне сәйкес өтеусіз негізде және оқытуға арналған шығыстарды толық немесе ішінара өтей отырып, өтеулі негізде жүргізіледі.

Азаматтарды әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша өтеулі негізде даярлау бойынша көрсетілетін қызметтің бағасы "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери-техникалық мектебі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 1507 бұйрығымен белгіленген.

Әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілердің оқуы үшін ақы төлеу Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің мамандандырылған ұйымының есеп шотына жүргізіледі.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Бекітілген өтеулі негізде даярлау жоспары ҚР ҚМ ЦЖ-ға енгізіледі.";

20 және 21-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді қабылдау және өтеулі негізде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға жіберу:

әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға жіберу үшін кезекке қою;

әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға жіберу мемлекеттік қызметін көрсету тәртібінде жүзеге асырылады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметті Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі ҚР ҚМ ЦЖ-ны пайдаланып, ЖӘБО (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) арқылы көрсетеді.

21. "Әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға жіберу үшін кезекке қою" мемлекеттік көрсетілетін қызметін алу үшін әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілер ( бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы өтініш береді.

Көрсетілетін қызметті алушы өтінішке осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық куәландыру картасының электрондық көшірмесін тіркейді. Медициналық куәландыру картасы әскери қызметке жарамдылық дәрежесі туралы қорытындыны алған сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде жарамды.

Өтінішті ресімдеу алдында портал көрсетілетін қызметті алушының жасы (24 жастан асқан) және жынысы бойынша белгіленген талаптарға сәйкес келуін тексереді. Көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, көрсетілетін қызметті алушы оқу кезеңін және оқығысы келетін мамандандырылған ұйымды таңдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасы, нысаны, мазмұны мен нәтижесі қамтылатын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі , сондай-ақ оны көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 7 -қосымшаға сәйкес Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде жазылған.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы және тұрғылықты жері немесе уақытша болатын жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік цифрлық жүйеден алады.

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу күнін көрсетіп, өтініштің қабылданғаны туралы не көрсетілетін қызметті алушы толық емес және (немесе) жарамдылық мерзімі өткен құжат топтамасын ұсынған кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы хабарлама жібереді.

Көрсетілетін қызметті беруші құжат түскен күні оны қабылдау, тіркеу және орындау үшін орындаушыға беруді жүзеге асырады.

Орындаушы құжат топтамасының осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келуін қарауды, мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін басшыға қол қойғызуға

дайындауды 1 жұмыс күні ішінде жүзеге асырады (өтініш пен құжаттар қабылданған күн қызмет көрсету мерзіміне кірмейді).

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға жіберу үшін кезекке қою туралы хабарлама не осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама болып табылады.";

22-тармақ алып тасталсын;

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. "Әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді әскери-техникалық және басқа да мамандықтар бойынша даярлауға жіберу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс абоненттік құрылғысының телефон нөмірі проактивті форматта порталға тіркелген кезде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға жіберу үшін кезекте тұрған көрсетілетін қызметті алушыға беріледі.

Абоненттік нөмірді порталдың есептік жазбасына қосу Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 25 қаңтардағы № 58 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13195 болып тіркелген) Ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы электрондық нысанда мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерді алу үшін ұялы байланыс операторы беретін абоненттің абоненттік нөмірін тіркеу және оны "цифрлық үкіметтің" веб-порталының есептік жазбасына қосу қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасы, нысаны, мазмұны мен нәтижесі қамтылатын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі , сондай-ақ оны көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде жазылған.

Кезекті оқыту күні басталғанға дейін 3 жұмыс күні бұрын ҚР ҚМ ЦЖ автоматты режимде кезекте тұрған көрсетілетін қызметті алушыларды:

әскерге шақырылушы немесе әскери міндетті ретінде әскери есепте тұруы;

мүгедектікті белгілеу;

дерматология, онкология орталықтарында, "Фтизиатрия" фтизиопульмонология орталығында, "Психиатрия" және "Наркология" психикалық денсаулық орталығында динамикалық байқауда тұруы мәніне тексереді. Тексеру жүргізілгеннен кейін ҚР ҚМ ЦЖ автоматты түрде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін қалыптастырады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі:

көрсетілетін қызметті алушының әскери есепте әскерге шақырылушы немесе әскери міндетті ретінде тұруы расталған, мүгедектікті белгілеу не динамикалық байқауда

болмаған кезде осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлыққа жіберу;

көрсетілетін қызметті алушы әскери есептен алып тасталған не шығарылған, мүгедектігі не динамикалық байқауда болуы анықталған кезде әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлауға жіберу кезегінен шығара отырып, осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша проактивті қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама жіберу.";

25 және 26-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілерді оқуға қабылдау, оқуға уақытында келмеген не одан бас тартқан адамдарды қоспағанда, даярлауға жолдамалар негізінде мамандандырылған ұйым басшысының бұйрығымен жүргізіледі.

Мамандандырылған ұйым басшысының бұйрығы шыққаннан кейін оқу взводтарын толық жасақтауға тек бұрын оқыған және денсаулық жағдайы бойынша оқудан шығарылған әскерге шақырылушылар мен әскери міндеттілер сауыққаннан кейін өзі өтініш берген жағдайда жол беріледі.

26. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер мен (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты мемлекеттік тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Бірыңғай байланыс орталығына, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына, " цифрлық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторына және ЖӘБО-ға жібереді.";

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Мамандандырылған ұйым басшысының оқуға қабылдау және одан шығару немесе оқуды аяқтау туралы бұйрығы шығарылған күн оқудың басталуы және аяқталуы болып саналады.

Бұйрық жобасы ҚР ҚМ ЦЖ-да әзірленіп, электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қойылады.

Басшының қолжазба қолтаңбасы қойылып, басылып шығарылған бұйрықтар Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2025 жылғы 17 маусымдағы № 279-НҚ бұйрығымен бекітілген Сақтау мерзімін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесіне сәйкес сақталуға тиіс.";

3, 5, 6, 7, 8 және 9-қосымшалар осы тізбеге 17, 18, 19, 20, 21 және 22-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

10 және 11-қосымшалар алып тасталсын;

12, 13 және 14-қосымшалар осы тізбеге 23, 24 және 25-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне куәліктер беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2019 жылғы 9 шілдедегі № 526

бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19008 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 маусымдағы № 357 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі туралы ереже 15-тармағының 176) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне куәліктер беру қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне куәліктер беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қорғаныс министрлігінің жергілікті әскери басқару органдары "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жұмылдыру ресурсын автоматтандырылған есепке алу интеграциялық шлюзі" цифрлық жүйесін пайдаланып, қорғаныс істері басқармалары мен бөлімдері арқылы (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.".

5, 6 және 7-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын; көрсетілетін қызметті берушінің атауын; мемлекеттік қызмет көрсету тәсілін; мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін; мемлекеттік қызмет көрсету нысанын; мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін; мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшерін және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделгенде оны алу тәсілін ; көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектісінің жұмыс кестесін; мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесін; мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негізді қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын талаптар, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну ерекшелігі ескерілген өзге де талаптар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне куәлік беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) нысанында жазылған.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұрақты тіркелген жері бойынша "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы не көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық нысанда www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталына (бұдан әрі – портал) өтініш береді.

Құжаттар қабылданғанда Мемлекеттік корпорация қызметкері көрсетілетін қызметті алушыға құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат береді не көрсетілетін қызметті алушы толық құжаттар топтамасын ұсынбағанда құжаттарды қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын (сәйкестендіру үшін) құжат туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорация қызметкері және көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкімет" шлюзі арқылы мемлекеттік цифрлық жүйеден алады, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген көзден графикалық файл түрінде көлемі 30х40 миллиметр цифрлық фотосуретті қосымша алады.

Порталға жүгінгенде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу үшін Мемлекеттік корпорация филиалын таңдайды. Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті адамының ЭЦҚ-сымен қол қойылған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алған күнін көрсетіп, өтінішті қабылдағаны туралы хабарлама жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді және жауапты орындаушыға орындау үшін беруді жүзеге асырады. Көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 1 жұмыс күні ішінде құжаттарды қарауды жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті алушының құқықтық мәртебесін растайтын ақпарат және қажетті мәліметтер болғанда беру үшін осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша куәлік не осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама (бұдан әрі – бас тарту туралы хабарлама) дайындауды ұйымдастырады.

Куәлік беру үшін ақпарат және қажетті мәліметтер болмағанда мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

30 жұмыс күніне дейін – Қазақстан Республикасының тиісті органынан растауды алу қажет болғанда;

90 жұмыс күніне дейін – кейіннен көрсетілетін қызметті алушыны Мемлекеттік корпорация арқылы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша немесе портал арқылы жүгінгенде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық нысанда 1 жұмыс күні ішінде мерзімді ұзарту туралы хабардар етіп, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы елдерінің архивінен ақпарат алу қажет болғанда ұзартылады.

Сұрау салынған ақпаратты және қажетті мәліметтер алынғанда 1 жұмыс күні ішінде куәлік не бас тарту туралы хабарлама ресімделеді және беріледі.

Порталға жүгінгенде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" куәліктің дайын екені туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама жіберіледі.

Бас тарту туралы хабарлама Тізбенің 9-бөлімінде көзделгенде ресімделеді.

6. Көрсетілетін қызметті беруші таңдалған Мемлекеттік корпорация филиалына немесе өтініш жасаған орны бойынша қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін жеткізуді қамтамасыз етеді.

Көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру Мемлекеттік корпорация арқылы жеке басын куәландыратын құжатты немесе " цифрлық үкімет" мобильдік қосымшасының "Цифрлық құжаттар" бөлімінен жеке куәлігінің цифрлық құжатын (сәйкестендіру үшін) не нотариат растаған сенімхат бойынша оның өкілінің құжатын ұсынған кезде жүзеге асырылады.

7. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметті көрсетуді мониторингтеудің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы дерек енгізуді қамтамасыз етеді".";

1 және 2-қосымшалар осы тізбеге 26 және 27-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Әскерге шақыруды кейінге қалдыру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын және "Азаматтарды әскери қызметке шақырудан босату" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2020 жылғы 5 қарашадағы № 605 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21613 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН :";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Әскерге шақыруды кейінге қалдыру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызметті ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, облыстың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) "Е-лицензиялау" мемлекеттік базасы" цифрлық жүйесін пайдаланып, әскерге шақыру комиссиясы арқылы көрсетеді.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке тұлғалар көрсетілетін қызметті берушіге www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы және ұялы байланыс абоненттік құрылғысы (бұдан әрі – портал) арқылы осы қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен ( бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында өтініш немесе ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі

порталдың есепке алу жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда біржолғы парольмен куәландырылған сұрау салу жолдайды.";

1-қосымшаға мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын әскерге шақыру комиссиясы мүшелерінің тізбесі:

1) әскерге шақыру комиссиясының төрағасы – астана, облыс, республикалық маңызы бар қала, аудан (қала) жергілікті атқарушы органы басшысының (әкімнің) орынбасары;

2) комиссия мүшелері:

астана, облыс, республикалық маңызы бар қала, аудан (қала) жергілікті әскери басқару органының бастығы;

астана, облыс, республикалық маңызы бар қала, аудан (қала) ішкі істер органдарының тиісті аумақтық бөлімшесінің өкілі;

астана, облыс, республикалық маңызы бар қала, аудан (қала) денсаулық сақтау басқармасының тиісті жергілікті басқару органы бастығының (бас дәрігердің) орынбасары – медициналық комиссияның төрағасы.";

12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметті көрсетуді мониторингтеудің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы дерек енгізуді қамтамасыз етеді.

13. Әскерге шақыру комиссиясы төрағасының әскерге шақыруды кейінге қалдыру туралы қорытындысы бір жұмыс күні ішінде порталда ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.";

2-қосымша осы тізбеге 28-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Азаматтарды әскери қызметке шақырудан босату" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына мынадай өзгерістер енгізілсін:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Мемлекеттік қызметті ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, облыстың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) "Е-лицензиялау" мемлекеттік базасы" цифрлық жүйесін пайдаланып, әскерге шақыру комиссиясы арқылы көрсетеді.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке тұлғалар көрсетілетін қызметті берушіге www.egov.kz "цифрлық үкімет" веб-порталы және ұялы байланыс абоненттік құрылғысы (бұдан әрі – портал) арқылы осы қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (

бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында өтініш немесе ұялы байланыс операторы ұсынған көрсетілетін қызметті алушының абоненттік нөмірі порталдың есепке алу жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда біржолғы парольмен куәландырылған сұрау салу жолдайды.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын әскерге шақыру комиссиясы мүшелерінің тізбесі:

1) әскерге шақыру комиссиясының төрағасы – астана, облыс, республикалық маңызы бар қала, аудан (қала) жергілікті атқарушы органы басшысының (әкімнің) орынбасары;

2) комиссия мүшелері:

астана, облыс, республикалық маңызы бар қала, аудан (қала) жергілікті әскери басқару органының бастығы;

астана, облыс, республикалық маңызы бар қала, аудан (қала) ішкі істер органдарының тиісті аумақтық бөлімшесінің өкілі;

астана, облыс, республикалық маңызы бар қала, аудан (қала) денсаулық сақтау басқармасының тиісті жергілікті басқару органы бастығының (бас дәрігердің) орынбасары – медициналық комиссияның төрағасы.";

12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік немесе әлеуметтік жауапкершілігі бар қызметті көрсетуді мониторингтеудің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы дерек енгізуді қамтамасыз етеді.

13. Әскерге шақыру комиссиясы төрағасының әскери қызметке шақырудан босату туралы қорытындысы бір жұмыс күні ішінде порталда ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.";

2-қосымша осы тізбеге 29-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша
Әскери міндеттілер мен әскерге
шақырылушыларды әскери
есепке алу қағидаларына
4-қосымша

Нысан

| | |
|---|---|
| № ________ҚІД командасы | ____________Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің түрі (әскер тегі) |

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ**

**Есептік-әліпбилік кітап бойынша реттік нөмірі ____________**

**ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРЫЛУШЫНЫҢ ЖЕКЕ ІСІ**

_________________________________________________________________________
__
(тегі, аты,
________________________________________________________________________
әкесінің аты (бар болса)
________________________________________ жылы "_____" _______________ туған
(күні және айы)
Білімі _____________________________________________________________________
Ұлты (қалауы бойынша көрсетілсін) ________________________________________
Азаматтық мамандығы ______________________________________________________
Әскери даярлығы _____________________________________________________________
Спорттық разряды ____________________________________________________________
Кейінге қалдыру ____________________________________________________________
Қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны ______________________________________
____________________ облысы ____________________ ауданы қорғаныс істері
басқармасының (бөлімінің) бастығы

**Мұқабаның екінші беті**

**Фотосуреттерге арналған конверт үшін орын**

Жеке істе болатын құжаттардың ТІЗІМДЕМЕСІ

1. Әскерге шақырылушының есепке алу картасы.
2. Әскерге шақырылушының туу туралы куәлігінің көшірмесі.
3. Төлқұжат, жеке куәліктің көшірмесі.
4. Неке туралы куәліктің көшірмесі.
5. Балаларының тууы туралы куәліктерінің көшірмесі.
6. Білімі туралы құжаттың көшірмесі.
7. Жұмыс немесе оқу орнынан анықтама.
8. Жұмыс немесе оқу орнынан мінездеме.
9. Әскерге шақырылушыны зерделеу парағы.
10. Кеуде қуысы органдарын рентгенологиялық зерттеу туралы анықтама.
11. Денсаулық жағдайы туралы құжаттар.
12. "Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық органдарымен көрсетілетін

мемлекеттік қызметтер қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2020 жылғы 18 мамырдағы № 64 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20674 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің есептері бойынша адамның қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны туралы мәліметтің болуы немесе болмауы туралы анықтама.

13. Сот органдарынан қылмыстық жауаптылыққа тартылуы туралы ақпарат.

14. Азаматтық хал актілерін тіркеу органдарынан тегін, атын, әкесінің атын ауыстырғаны, туған күні туралы өзгерістер, қайтыс болуы туралы хабарламалар.

ҚР ҚМ ЦЖ-дағы мәліметтер қағазға басып шығарылады.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша
Әскери міндеттілер мен әскерге
шақырылушыларды әскери
есепке алу қағидаларына
6-қосымша
Нысан
№ Т-2 нысаны

Беткі жағы: ____________________________ кәсіпорын, ұйым

**№_____ ЖЕКЕ КАРТОЧКА**

$$К_п = \frac{З_{эб} + З_{жш} + З_{кп} + Амортизация}{\sum З_{пт}}$$

**1. Жалпы мәліметтер**

| | |
|---|---|
| 1. Тегі ________________________________<br>Аты _______________ Әкесінің аты (бар болса)<br>________________________________<br>2. Туған жылы _____ күні, айы ___________<br>3. Туған жері _________________________<br>4. Ұлты (қалауы бойынша көрсетілсін)<br>______________________________________<br>5. Білімі: _____________________________<br>______________________________________<br>______________________________________<br>______________________________________<br>______________________________________<br>______________________________________ | 8. _____________________________________<br>негізгі кәсібі (мамандығы)<br>_____________________________________<br>осы мамандығы бойынша жұмыс өтілі<br>9. Жалпы жұмыс өтілі ___________________<br>10. Үздіксіз өтілі _______________________<br>11. _____________________________________<br>(соңғы жұмыс орны, лауазымы)<br>12. Отбасы жағдайы _____________________<br>отбасы құрамы__________________________<br>(әрбір отбасы мүшесінің туған жылын көрсете отырып)<br>_______________________________________ _____<br>__________________________________ __________ |

| | |
|---|---|
| (білім беру деңгейлері: бастауыш (сынып), негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі, оқу орнының атауы және бітірген күні)<br>6. Диплом (куәлік) бойынша мамандығы<br>_______________________________________<br>Диплом (куәлік) "_____" ж. "_____"<br>______________ № __________<br>7. Диплом (куәлік) бойынша біліктілігі<br>_______________________________________ | _____________________________ _______________<br>________________________<br>13. Жеке басын куәландыратын құжат:<br>№ ____________________<br>Кім берді_____________________________<br>Берілген күні ___________________________<br>14. Үй мекенжайы ______________________<br>_____________________________________<br>Телефон ______________________________<br>Қолы _________________________________<br>Толтырған күні _________________________ |

## 2. Әскери есепке алу туралы мәлімет

| | |
|---|---|
| Әскери қызметке қатынасы ____________________ _________________<br>Әскери есепке алу орны<br>_______________________________________ (ҚІБ(Б) атауы) | Әскери атағы _________________________<br>Әскери қызмет өткеру кезеңі<br>_______________________________________<br>ӘЕМ № ________________<br>Заңды тұлғаға №______ болып броньға қойылды___________ |

Сыртқы беті:

## 3. Тағайындау мен ауыстыру

| Күні | Цех, бөлім, учаске | Мамандығы (лауазымы) | Разряд (айлықақы) | Негіз | Еңбек кітапшасы иесінің қолы |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |

## 4. Демалыс

| **Демалыс түрі** | **Қай кезең үшін** | **Күні** | | **Негіз** |
|---|---|---|---|---|
| | | Демалыстың басталуы | Демалыстың аяқталуы | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

## 5. Қосымша мәліметтер

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

Шығарылған күні мен себебі ______________________________________________

______________________________________________________________________________

## № Т-2 нысанындағы жеке карточканы толтыру бойынша түсіндірме

1. Жеке карточканың 2-бөлімін толтыру кезінде мынадай талаптар сақталуға тиіс:

1) "Әскери қызметке қатынасы" деген жолда "Әскерге шақырылушы", "Әскери міндетті" деген жазба жазылады";

2) "Әскери есепке алу орны (қорғаныс істері басқармасы (бөлімі) атауы)" деген жолда қорғаныс істері басқармасының (бөлімінің) атауы жазылады;

3) "Әскери атағы" деген жолда (әскери міндеттілер үшін): әскери билетте (бар болса ) көрсетілген мәліметтерге сәйкес қатардағы жауынгер, ефрейтор, сержант, лейтенант, капитан және т.б. деген жазба жазылады;

4) "Әскери қызмет өткеру кезеңі" деген жолда (әскери міндеттілер үшін) олар әскерге шақырылған күннен бастап одан шығарылған күнге дейін әскери қызмет өткеру кезеңі көрсетіледі. Бұл ретте егер азаматта бірнеше әскери қызмет өткеру кезеңі болса, онда барлық қызмет, сондай-ақ құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткеру кезеңі де көрсетіледі;

5) "Әскери-есептік мамандық № ___" деген жолда (әскери міндеттілер үшін) әскери билеттегі (бар болса) жазбаға сәйкес цифрлық белгілер жазылады;

6) "Заңды тұлғаға № ___ болып бекітіліп қойылды" деген жолда жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру туралы куәліктің № көрсетіледі.

2. "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңның 42-бабына сәйкес запаста тұрудың шекті жасына жеткен адамдардың жеке карточкаларындағы "Әскери қызметке қатынасы" деген жолда "Жасы бойынша әскери есептен шығарылды" деген белгі қойылады.

3. "Электрондық үкімет" порталының "жеке кабинетінде" әскери қызметке қатынасы туралы мәлімет болмаған адамдардың жеке карточкаларындағы "Әскери қызметке қатынасы" деген жолда "Әскери есепте тұрған жоқ" деген белгі қойылады.

4. Жеке карточкалар әскери билеттегі немесе тіркеу туралы куәліктегі жазбаларға немесе "электрондық үкімет" порталының "жеке кабинетінде" көрсетілген мәліметтерге дәлме-дәл сәйкестікте толтырылады.

2-бөлімнің барлық жазбасы қарындашпен толтырылады.

5. Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларға жеке карточкалар әліпбилік реттілікпен төрт топқа бөлінетін жеке картотекада сақталады:

бірінші – запастағы офицерлер құрамына жеке карточкалар;

екінші – запастағы қатардағы жауынгер мен сержант құрамдарының жеке карточкалары;

үшінші – әскери міндетті әйелдерге жеке карточкалар;

төртінші – әскерге шақырылушыларға жеке карточкалар;

бесінші – жасы бойынша әскери есептен шығарылған адамдарға жеке карточкалар.

Әскери есепте тұрмаған адамдарға жеке карточкалар жалпы картотекада сақталады.

Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушылар жеке карточкасының картотекасы оларға бөгде адамдардың қолжетімділігін болдырмайтын жерде сақталады.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
өзгерістер енгізілетін
кейбір бұйрықтарының
тізбесіне
3-қосымша
Әскери міндеттілер мен әскерге
шақырылушыларды әскери
есепке алу қағидаларына
7-қосымша
Нысан

| (Тегінің бірінші әрпі) | ӘЛІПБИЛІК КАРТОЧКА | | | (ӘЕМ №) |
|---|---|---|---|---|
| 1. Тегі | | | | |
| 2. Аты, әкесінің аты (бар болса) | | | | |
| 3. Туған жылы | | | 4. Әскери атағы | |
| 5. Құрамы | | | 6. Есепке алу тобы | |
| 7. Жарамдылық дәрежесі | | | 8. Есепке алу санаты | |
| 9. №______ команда | 10. Арнайы есеп | | | 11. Білімі |
| 12. Тұрғылықты жерінің мекенжайы және телефон № | | | | |
| 13. Жұмыс орны, лауазымы, кадр бөлімінің телефоны № | | | | |

20___ жыл "____" __________________

**Әліпбилік карточканы толтыру бойынша түсіндірме**

1. 1-3-тармақтардағы жазба автоқаламмен жүргізіледі. "Тегі, аты, әкесінің аты" өзгерген жағдайда жазылып тұрған жазба сызылып тасталады және оның қасына жаңа жазба жазылады.

Барлық жазба ҚР ҚМ ЦЖ-да бар мәліметтерге сәйкес жүргізіледі.

2. Қалған тармақтардағы жазбалар қарындашпен жазылады.

3. Азамат әскери есептен шығарылған немесе алып тасталған кезде әліпбилік карточка жойылады.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
өзгерістер енгізілетін
кейбір бұйрықтарының
тізбесіне
4-қосымша
Әскери міндеттілер мен әскерге
шақырылушыларды әскери
есепке алу қағидаларына
22-1-қосымша
Нысан

**Нұсқама**

______________________________________________

(ә с к е р и а т а ғ ы ( б о л с а ) )

______________________________________________

(аты, әкесінің аты (болса), тегі)

Сізге 20_ жылғы "__" _______ дейінгі мерзімде мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін "цифрлық үкімет" порталына өтініш беру арқылы

______________________________________________

(ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ЖӘБО атауы) әскери есепке тұруды ұсынамын.

Негіз: ______________________________________________

______________________________________________

______________________________________________ командирі (бастығы)

(әскери бөлімнің нөмірі (мекеменің атауы)

______________________________________________

(қолы, инициалдары, тегі)

Ескертпе:

1. Әскери бөлімде (мекемеде) бұрыштама мөртаңбасы болмаған кезде сол жақ жоғарғы бұрышына нұсқаманың қызметтік іс жүргізуде тіркелген нөмірі мен күні қойылады.

2. Қызметтен шығарудың негізі ретінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

қызметтен шығару (жеке құрамның тізімінен шығару) туралы бұйрықтың нөмірі және күні;

қызметтен шығаруға себеп болған негіз.

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
өзгерістер енгізілетін
кейбір бұйрықтарының
тізбесіне
5-қосымша

Әскери міндеттілер мен әскерге
шақырылушыларды әскери
есепке алу қағидаларына
29-қосымша

Нысан

______________________________

(облысы)

______________________________

(ауданы (қаласы))
қорғаныс істері басқармасының
(бөлімінің) бастығына

**Әскери билет немесе оның телнұсқасын беруге өтініш**

1.______________________________________________________________________
____
(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)
2.______________________________________________________________________
_
(туған күні, айы, жылы, жеке куәлігінің (төлқұжатының) №, жеке сәйкестендіру нөмірі)
3.______________________________________________________________________
_
(туған жері: ауыл, кент, аудан, облыс)
4.______________________________________________________________________
_
(ұлты)
5. ______________________________________________________________________
(отбасы жағдайы)
6. ______________________________________________________________________
(тұрғылықты жері бойынша тіркелген мекенжайы)
7. ______________________________________________________________________
(уақытша келген, тұратын мекенжайы (бар болған кезде)
________________________________________________________________________
________________________________________________________________________
(себебін көрсету)
байланысты әскери билет немесе оның телнұсқасын беруіңізді сұраймын.
Цифрлық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.
________________________________ 20__жылғы "___"________

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
6-қосымша
Әскери міндеттілер мен әскерге
шақырылушыларды әскери
есепке алу қағидаларына
30-қосымша

**Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі**

| | | |
|---|---|---|
| 1 | **Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы** | **Әскери міндеттілерге әскери билет немесе оның телнұсқасын беру** |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің (бар болса) атауы | 1) әскери қызметтен не құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарда қызметтен шығарылған және әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген азаматтарға;<br>2) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген және әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген азаматтарға;<br>3) бұрын әскери (балама) қызмет не құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткергендердің қатарынан басқа мемлекеттерден келген және Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған адамдарға;<br>4) әскери атағы қалпына келтірілген және әскери қызмет не құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген азаматтарға;<br>5) әскери қызмет не құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген азаматтар әскери билетін жоғалтқан не бүлдірген кезде;<br>6) әскери қызмет не құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген азаматтар ескі үлгідегі әскери билетті жаңасына ауыстырған кезде;<br>7) әскери қызмет не құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген азамат тегін, атын, әкесінің атын өзгерткен кезде. |
| 3 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жергілікті әскери басқару органдары |
| 4 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету тәсілдері | Мемлекеттік қызмет көрсетуге өтінішті қабылдау: www.egov.kz " цифрлық үкімет" веб-порталы ( бұдан әрі – портал).<br>Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру: портал, мемлекеттік корпорация. |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 5 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету мерзімі | республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда, астанада – 7 жұмыс күні;<br>аудандарда – 5 жұмыс күні |
| 6 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нысаны | Электрондық (ішінара цифрландырылған) және (немесе) қағазда |
| 7 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету нәтижесі | порталда:<br>көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-сы қойылған мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу орны туралы ақпарат не осы Қағидаларға 39-қосымшаға сәйкес нысан бойынша осы Тізбенің 11-бөлімінде көзделген негіз бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.<br>Мемлекеттік корпорация арқылы ( көрсетілетін қызметті алушы порталда таңдаған филиал):<br>запастағы офицер, қатардағы және сержанттық құрамдардың әскери билетін (бұдан әрі – әскери билет) беру.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық/қағазда. |
| 8 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету кезінде көрсетілетін қызмет алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайда оны алу тәсілдері | Тегін |
| | | 1) көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін , түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін;<br>2) порталда – жөндеу жұмысын жүргізуге байланысты техникалық үзілісті қоспағанда, тәулік бойы ( көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі | өтініш жасаған кезде өтінішті қабылдау күні келесі жұмыс күні болып табылады).<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің дайын нәтижесін беру Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұмаға дейінгіні қоса алғанда, түскі асқа үзіліссіз сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін Мемлекеттік корпорация арқылы, дүйсенбіден бастап жұмаға дейінгіні қоса алғанда, сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін Мемлекеттік корпорацияның кезекші халыққа қызмет көрсету бөлімдері арқылы жүзеге асырылады.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайы:<br>1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсында: www.gov.kz;<br>2) www.egov.kz порталында орналастырылған. |
| | | 1) әскери қызметтен не құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдардағы қызметтен шығарылған және әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген азаматтар көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында әскери билет немесе оның телнұсқасын беруге өтініш толтырады;<br>2) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған және әскери қызмет не құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген және әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген азаматтар көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында әскери билет немесе оның телнұсқасын беруге өтініш толтырады; |

| | | |
|---|---|---|
| 10 | Мемлекеттік қызметті және оның кіші түрлерін (бар болса) көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан сұратылатын құжаттар мен мәліметтер тізбесі | 3) бұрын әскери (балама) қызмет не құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткергендерден басқа мемлекеттен келген және Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған адамдар көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында әскери билет немесе оның телнұсқасын беруге өтініш толтырады;<br>4) әскери атағы қалпына келтірілген және әскери қызмет не құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген азаматтар:<br>көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында әскери билет немесе оның телнұсқасын беруге өтініш толтырады;<br>әскери атағы қалпына келтірілгені туралы сот қаулысының электрондық көшірмесін өтінішке тіркейді;<br>5) әскери қызмет не құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген азаматтар әскери билетін жоғалтқан не бүлдірген кезде:<br>көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында әскери билет немесе оның телнұсқасын беруге өтініш;<br>"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 649-бабында көзделген әскери есепке алу құжатын қасақана бүлдіргені немесе жоғалтқаны үшін әкімшілік жазаны қолдану туралы қаулының электрондық көшірмесі не көрсетілетін қызметті алушыға байланысты емес мән-жай бойынша жоғалту не бүлдіру фактісін растайтын уәкілетті мемлекеттік органнан анықтама; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 6) әскери қызмет не құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген азаматтар ескі үлгідегі әскери билетті жаңасына ауыстырған кезде көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында әскери билет немесе оның телнұсқасын беруге өтініш толтырылады.<br>Әскери билеттің түпнұсқасы көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алуға келген кезде Мемлекеттік корпорацияға тапсырылуға тиіс;<br>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметті, графикалық файл түріндегі көлемі 30х40 мм цифрлық фотосуретін көрсетілетін қызметті беруші " электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады;<br>7) әскери қызмет не құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткерген азаматтар тегін, атын, әкесінің атын өзгерткен кезде көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен немесе бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысанында әскери билет немесе оның телнұсқасын беруге өтініш толтырылады.<br>Әскери билеттің түпнұсқасы (ескі үлгідегі) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алуға келген кезде Мемлекеттік корпорацияға тапсырылуға тиіс.<br>Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметті, графикалық файл түріндегі көлемі 30х40 мм цифрлық фотосуретін көрсетілетін қызметті беруші " электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеден алады.<br>Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметті, |

| | | |
|---|---|---|
| | | графикалық файл түріндегі көлемі 30х40 мм цифрлық фотосуретін көрсетілетін қызметті беруші " цифрлық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік цифрлық жүйеден алады. |
| 11 | Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректің ( мәліметтің) дұрыс еместігін анықтау;<br>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдың, деректің және мәліметтің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) әскери есепте болмауы. |
| 12 | Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар | Цифрлық құжаттар сервисі мобильдік қосымшада және пайдаланушылардың цифрлық жүйесінде тіркелген субъектілер үшін қолжетімді.<br>Субъект мобильдік қосымшада және пайдаланушылардың цифрлық жүйесінде қолжетімді әдістермен тіркеледі, бұдан әрі " Цифрлық құжаттар" деген бөлімде одан әрі пайдалану үшін қажетті құжатты қарайды.<br>Мемлекеттің жұмылдыру әзірлігін қамтамасыз ету мақсатында әскери қызмет, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарда қызмет өткермеген азаматтарға әскери билет жұмылдыру, соғыс жағдайы кезеңінде және соғыс уақытында заңнамада белгіленген тәртіппен беріледі.<br>Көрсетілетін қызметті алушының қашықтан қолжетімділік режимінде көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметі, Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефондары арқылы мемлекеттік қызмет көрсету белгісі туралы ақпаратты алуға мүмкіндігі бар.<br>Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ-сы болған кезде мемлекеттік |

| | | |
|---|---|---|
| | | көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда ала алады.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің www.gov.kz интернет-ресурсында, сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияның www.gov4.kz интернет-ресурсында орналастырылған.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығының 1414, 8 800 080 7777 телефоны арқылы алуға болады. |

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
өзгерістер енгізілетін
кейбір бұйрықтарының
тізбесіне
7-қосымша

Әскери міндеттілер мен әскерге
шақырылушыларды әскери
есепке алу қағидаларына
31-қосымша

Нысан

______________________________
(облысы)
______________________________
ауданы (қаласы)
қорғаныс істері басқармасының
(бөлімінің) бастығына

**Әскери есепке қою туралы өтініш**

1. Тегі____________________________________________________
2. Аты ____________________________________________________
3. Әкесінің аты______________________________________________
(бар болса)
4. Туған жылы ________ ж. "___" __________________________
3. Туған жері ________________________________________________
(ауыл, кент, аудан, қала, облыс, республика)
4. Ұлты_____________________________________________________
5. Құжат түрі ______________ № _____________ сериясы __________
Қолданылу мерзімі _______________________________________
Берілген күні______________ кім берді_____________________
6. ЖСН ____________________________________________________

7. Отбасы жағдайы және отбасы құрамы____________________________
______________________________________________________________
бойдақ, ажырасқан (анасының Т.А.Ә. толық, туған жылы, тұрғылықты жерінің мекенжайы);
үйленген (жұбайының Т.А.Ә. толық, 18 жасқа дейінгі балаларының аттары, туған жылдары
және тұрғылықты мекенжайы) (бар болса)
8. Білімі_______________________________________________________
оқу орны______________________________________________________
мамандығы____________________________________________________
аяқтаған жылы ____ жылғы "____" ______________________________
9. Жүргізуші куәлігінің № ________________________________________
санаты_________________________________________________________
Сериясы_______________________________________________________
берілген күні___________________________________________________
10. Тұрғылықты мекенжайы_______________________________________
11. Нақты тұратын мекенжайы __________________________________
________________________________________________________________
12. Телефон нөмірі (қалалық, ұялы) ______________________________
13. Жұмыс орны__________________________________________________
ұйымның мекенжайы_____________________________________________
лауазымы____________________________
телефон № ___________________________
14. Қай ҚІБ(Б)-да әскери есепте тұр (тұрды) __________________________
________________________________________________________________
15. Қосымша мәліметтер ___________________________________________
________________________________________________________________
(Т.А.Ә өзгерту туралы мәлімет, жауынгерлік іс-қимылға қатысу туралы, наградалары, жеңілдіктері, денсаулық жағдайының өзгеруі туралы, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны, тілдерді білуі туралы)

16. Антропометриялық деректері

| Бойы | Басының өлшемі | Киімінің өлшемі | Аяқ киімінің өлшемі |
|---|---|---|---|
| | | | |

17. ___________________________________________
(әскери билетінің сериясы, нөмірі (бар болса)

18. Қызмет өткеру кезеңі:

| Әскери бөлім атауы | ӘЕМ | қай уақыттан бастап | қай уақытқа дейін |
|---|---|---|---|
| | | | |

19. Әскери ант қабылдау _________________________________
(ант қабылдаған күні, жері)

20. Әскери атағы________________________________________

21. ___________________________________________________

(себебін көрсету)

___________________________________байланысты әскери есепке қоюыңызды сұраймын.

Өтінішке мыналарды қоса беремін:

1. ____________________________________________________________
2. ____________________________________________________________
3. ____________________________________________________________
4. ____________________________________________________________
5. ____________________________________________________________

Цифрлық жүйеде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

20__ жылғы "___" ___________

________________________________ ____________________

(аты-жөні, тегі) (қолы)

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
өзгерістер енгізілетін
кейбір бұйрықтарының
тізбесіне
8-қосымша

Әскери міндеттілер мен
әскерге шақырылушыларды
әскери есепке алу қағидаларына
32-қосымша

## Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| 1 | **Мемлекеттік көрсетілетін қызмет атауы** | **Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке қою** |
